

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС
НОРМАЛАРЫ**

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**АУДАНДЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ) СОТТАРДЫҢ
ҒИМАРАТТАРЫ**

ЗДАНИЯ РАЙОННЫХ (ГОРОДСКИХ) СУДОВ

**ҚР ҚН 3.02–25–2014
СН РК 3.02–25–2014**

**Ресми басылым
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолитстрой-2011» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Монолитстрой-2011»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	III
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР.....	3
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты	3
4.2 Функционалдық талаптар.....	3
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	4
5.1 Негізгі ережелер.....	4
5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	5
5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар	6
5.4 Ғимаратты және учаскені орналастыруға қойылатын талаптар.....	8
5.5 Ғимаратты пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар	9
5.5.1 Үй-жайлардың функционалдық топтары және олардың өзара байланысы.....	9
5.5.2 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	11
5.5.3 Пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	12
5.6 Инженерлік қамтамасыз ету	13
5.7 Қоршаған ортаны қорғау	14
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ...	15
6.1 Энергия тұтынуды азайту бойынша талаптар	15
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану	15

КІРІСПЕ

Осы құжат «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңға, аудандық (қалалық) сот ғимараттарын жобалауға қойылатын талаптарды реттейтін нормативтік құқықтық және техникалық актілерге сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базаны реформалау шегінде әзірленді.

Осы құрылыс нормасында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы құрылыс нормалары сот ғимараттарына қолданылатын «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады.

Осы құрылыс нормаларын әзірлеген кезде Қазақстан Республикасында қолданылатын конструктивтік элементтерге, конструкциялар қауіпсіздігіне, ғимараттың пайдаланылуын қамтамасыз етуге, ғимараттың өрт қауіпсіздігіне және т. б. қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін нормативтік-техникалық құжаттар пайдаланылды, сондай-ақ құрылыс нормаларының осы жобасын халықаралық нормативтік-техникалық құжаттарымен үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Осы құрылыс нормаларының талаптарын орындаудың қолайлы шешімдері ҚР ЕЖ «Аудандық (қалалық) сот ғимараттарында» келтірілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АУДАНДЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ) СОТТАРДЫҢ ҒИМАРАТТАРЫ

ЗДАНИЯ РАЙОННЫХ (ГОРОДСКИХ) СУДОВ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары аудандық (қалалық) сот ғимараттын орналастыруға, жер теліміне, көлемдік-жоспарлық шешіміне, инженерлік қондырғыларына қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы құрылыс нормалары аудан орталықтары болып табылатын елді мекендерде, қала аудандарына бөлінбейтін облыстық бағыныстағы қалаларда, сондай-ақ үлкен ірі қалалардың әкімшілік аудандарында (ҚР ҚН 3.01-01 сәйкес) орналастырылған қайта салынатын және реконструкцияланатын аудандық (қалалық) сот ғимараттарын жобалауға талаптарды белгілейді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін төмендегідей нормативтік құжаттар керек:

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-1 «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулысымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар және құрылыстың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1355 қаулысымен бекітілген Электр қондырғыларды орнату тәртібі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және телефон байланысын пайдаланғаны үшін тиісті нормалар мен мемлекеттік органның аппараты мен ерекше үй-жайларын орналастыру үшін алаң нормалары туралы» қаулысы.

ҚР ҚН 3.02-25-2014

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.02-21-2011 Қоғамдық тамақтану объектілері.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 5.01-02-2013 Ғимараттар мен имараттардың іргелері.

ҚР ҚБҚ 1.01-01-2014 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде сілтеме құжаттардың әрекетін ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын құрастырылатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында ҚР ҚБҚ 1.01-01 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

3.1 Арнайы автомобильдердің кіруіне арналған бокс: Күзетілетін сотталушыларды отырғызу-түсіруді бақылауға арналған күзету бокстары.

3.2 Азаматтық іс: Азаматтық, отбасылық, еңбек, жер немесе өзге де құқықтан туындайтын және осы рәсімдер үшін белгілендерге сәйкес юрисдикциялық органның қарауын және рұқсатын талап ететін құқықтық мәселе.

3.3 Талапкер: Субъективті құқықтарды қорғайтын және (немесе) азаматтық іс қозғалған мүдделерді қорғайтын азаматтық іс жүргізуге қатысушы.

3.4 Қарауылшы жасақ: Тасымалдау кезінде болатын сотталушыға берілген күзет.

3.5 Қамаудағы адам: Қамауға алу түрінде алдын алу шаралары сайланған немесе сайланатын немесе бостандықтан айыру түрінде жазасын өтейтін (процессуалдық мәртебеге қарамастан: ұсталған, күдіктелген, айып тағылған, сотталған, зардап шеккен, куәгер және т. б.) адам.

3.6 Жауапкер: Талапкер құқығын болжалды бұзушы ретінде тартылатын азаматтық іс жүргізуге қатысушы.

3.7 Келушілер: Сот ісін жүргізуге қатыспайтын тұлғалар.

4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Нормативтік талаптардың мақсаты – оларды барлық пайдалану кезеңінде аудандық (қалалық) сот ғимараттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың өмірі мен денсаулығын, мүліктерді қорғау және қоршаған ортаны қорғау, соттар мен сот аппараты қызметкерлерінің, сот процестеріне қатысушылардың тиімді жұмысы үшін қажетті жағдай жасау.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Аудандық (қалалық) сот ғимараттары жетекші және басшылық қызметкерлердің толыққанды жұмысы үшін жағдайды, қоғамдық және мемлекеттік өмірде туындайтын қайшылықтар мен дауларды шешуді, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді, сондай-ақ адамдардың жұмыс барысындағы тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.2 Ғимараттың негізі мен көтергіш конструкциясы құрылыс немесе реконструкция және жобалық мерзім бойындағы пайдалану кезінде сыналуы ықтимал болжамдық әсерлер тіркесіміне төзуі тиіс.

4.2.3 Сот ғимараттары өрт кезінде оның ауа-райының ең қолайсыз жағдайында да іргелес ғимараттарға таралмайтындай оның және элементтерінің ережесін ескере отырып жобалануы тиіс.

4.2.4 Ғимарат өрт ошағын ерте анықтау, адамдарға хабарлау, қауіпсіз және жылдам эвакуациялау жағдайын жасау, өртті сөндіру қамтамасыз етілетіндей жабдықталуы тиіс.

4.2.5 Сот ғимараттары қызметкерлер, келушілер мен күдіктілер қажеттілігін қанағаттандыратын қажетті ортаны жасаумен толықтырылған әртүрлі қызметтер мен процестерге адамдардың кешенді түрде қолжетімділігін қамтамасыз ететін коммуникативтік құрылымның бірыңғай ұйымын жасауды ескере отырып жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.6 Сот ғимараттары мен іргелес аумақтар пайдалануға белгіленген талаптарды орындауды ескере отырып жобалануы және салынуы; жазатайым оқиғалардың туындау ықтималдығы, адамдардың жарақат алуы мен олардың өміріне қауіп төндіру, рұқсатсыз кіру, лифттері мен немесе басқа да инженерлік қондырғыларды пайдалану барынша төмендетілуі тиіс.

4.2.7 Ғимарат барлық адамдардың, оның ішінде олардың мақсатына сәйкес орындарға баруына мүмкіндігі шектеулі адамдардың еш кедергісіз кіруін қамтамасыз етуді ескере отырып жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.8 Ғимарат аумаққа қоршаған ортаға кері әсерді мейлінше қысқарту, оның ішінде қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жою және кәдеге жарату бойынша экологиялық талаптарды сақтай отырып орналастырылуы тиіс.

4.2.9 Ғимарат және оның жылыту, салқындату, жарықтандыру және желдету қондырғылары олар пайдалануда талап ететін энергия көлемі климаттық жағдайды ескере отырып төмен болатындай жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.10 Ғимарат топырақты эрозиядан қорғауға, құнарлылықты қалпына келтіру мен арттыруға, жерді тиімді пайдалануға, су тұтынуды үнемдеуге бағытталған шаралар жүйесі қарастырылатындай ретпен жобалануы және салынуы тиіс.

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Негізгі ережелер

5.1.1 Аудандық (қалалық) сот ғимараттарын жобалау осы құрылыс нормаларының және басқа қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, «Ғимараттардың және құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес орындалуы тиіс.

5.1.2 Аудандық (қалалық) сот ғимараттарындағы үй-жайлар құрамы сот құрамының саны немесе берілген сан мен сот мәжілісі (азаматтық немесе қылмыстық істерді тыңдауға арналған) залдарының мақсаты нәтижесінде анықталуы тиіс.

5.1.3 Аудандық (қалалық) сот ғимаратының үй-жайын есептеген кезде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және телефон байланысын пайдаланғаны үшін тиісті нормалар мен мемлекеттік органның аппараты мен ерекше үй-жайларын орналастыру үшін алаң нормалары туралы» қаулысының талаптарын ескеру қажет.

5.1.4 Сот ғимараттарының қабаттылығы (ғимарат блоктары) функционалдық және пайдалану қажеттіліктерін, аумақ ауданын ескере отырып анықталуы тиіс.

5.1.5 Сот ғимараттарының ішкі жобалық шешімі ағындарды бөлуді (қиыспауын) қамтамасыз етуі тиіс:

- сотқа келушілердің;
- соттар мен сот аппараты қызметкерлерінің;
- күзеттегі адамдардың және қарауыл жасақтардың.

Осы талап көлденең (дәліздер, холдар), сондай-ақ ғимараттың тік коммуникацияларына (баспалдақтарға, лифтілерге) таратылады.

5.1.6 Аудандық (қалалық) сот ғимараттарында жертөлелік немесе цокольдық қабаттар құрылысына жол беріледі.

5.1.7 Конференц-залдарды өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету шартымен жоғарғы қабатта орналастыруға жол беріледі.

5.1.8 Асхананы (буфетті) сот ғимараттарының төменгі қабаттарында вестибюльге жақын орналастыру ұсынылады. Асхананы екі аралас қабаттарда орналастыруға жол беріледі: біріншісі - өндірістік және қоймалық үй-жайлар, басқасы – асүй мен жуатын орны бар түскі ас залы.

5.1.9 Сот ғимараттарының бірінші қабатында сот мәжілісі залдарын орналастыру керек. Қызметкерлер, жұртшылық пен сотталушылар ағымын нақты бөлуді қарастырған жағдайда, сот мәжілісінің залдарын аралық қабаттарда орналастыруға жол беріледі.

5.1.10 Сот ғимараттарының бірінші қабатында сондай-ақ жұмыстары келушілерді қабылдауға және прокурорлардың, қорғаушылар мен істің материалдарын зерттеу жөніндегі жекелеген азаматтардың өз бетінше қызметтеріне байланысты бөлімшелер мен қызметтер үй-жайын (соттың қабылдау бөлмесі, қылмыстық және азаматтық істер бойынша іс жүргізу бөлімдері, өндірістегі істер мұрағаты, экспедиция, сот төралқасының кеңсесі) орналастыру керек.

5.1.11 Аралық қабаттарда қосалқы үй-жайлар бар сот мәжілісінің залдарын және соттардың, олардың көмекшілері мен хатшыларының жұмыс үй-жайларын (офистерді) орналастыру керек.

5.1.12 Ғимараттың жоғарғы қабатында сот төрағасы мен сот алқасы төрағасының, заңнаманы кодтандыру және жүйелеу бөлімі хатшыларының үй-жайларын орналастыру керек.

5.1.13 Сот ғимаратының жертөлелік немесе цокольдық қабаттарында сотталушыларды күзетуші мен қарауыл жасақтарының үй-жайын, аяқталған өндіріс ісінің мұрағатын, заттық дәлелдемелерді сақтауға арналған қоймаларды, арнайы автокөліктің кіру-шығуына арналған боксты (шлюзді), автокөліктің кіріктірме тұрақтарын (автомобильдерге техникалық қызмет көрсету функциясы жоқ), қызметтік автокөлік гараждарын (жобалауға берілген тапсырма бойынша), техникалық үй-жайларды орналастыруға жол беріледі.

5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.2.1 Осы нормада белгіленген талаптарды сақтаған кезде ғимараттың көтергіш конструкциялары қызмет етудің болжамдық мерзімі бойында өзінің қасиетін сақтауы тиіс.

5.2.2 Қызмет ету мерзімі ғимараттың болжамдық қызмет ету мерзімінен аз элементтер, бөлшектер, жабдықтар жобада белгіленген жөндеу арасындағы кезеңдерге сәйкес ауыстырылуы тиіс. Жөндеу арасындағы кезеңдердің тиісті ұлғаюы немесе азаюы барысында аз не көп ұзақ мерзімді элементтерді, материалдарды немесе жабдықтарды қолдану жөніндегі шешім техника-экономикалық есептермен белгіленеді.

5.2.3 Сот ғимараттарын жобалаған кезде талап етілетін ұзақ мерзімділікті қамтамасыз ету үшін мыналарды ескеру қажет:

- мақсаты бойынша пайдалану шартын;
- қоршаған ортаның есептік әсерін;
- қолданылатын материалдардың қасиетін, ортаның кері әсерінен оларды қорғаудың ықтимал құралдарын, сондай-ақ, қасиеттерінің нашарлау мүмкіндігін.

5.2.4 Ғимарат конструкциялары мен негізі көтергіш және қоршау конструкциясының жеке салмағынан тұрақты жүктемеге әсер етуіне, жабынға уақытша біркелкі таратылған және топталған жүктемелерге; құрылыстың осы ауданына арналған қар, жел

ҚР ҚН 3.02-25-2014

жүктемелеріне есептелуі тиіс. Жүктемелердің қолайсыз тіркесімін немесе оларға тиісті күштерді, иілген жерлердің шекті мәндерін және конструкцияны ауыстырудың, жүктемелер бойынша сенімділік коэффициенттерінің мәнін ескеретін аталған жүктердің нормативтік мәндері тиісті нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

5.2.5 Көтергіш конструкцияның тең берікті элементтерінің талаптарын сақтау керек, оның ішінде оның көтеру қабілеті аяқталғанға дейін құрылыстың бұзушылығына алып келу ықтимал әлсіз тораптар мен элементтерге, мерзімінен бұрын шығуға жол берілмеуі тиіс.

5.2.6 Ғимараттарды сейсмикалық әсерге, аяздан ісінуді қоса алғанда, топырақты тобықтыруға, отырғызуға және басқа да ауыстыруға ұшыраған геологиялық жағдайы күрделі ауданда салған кезде конструкцияларды есептеуде қолданыстағы нормативтік құжаттар, сондай-ақ ҚР ҚН 5.01-02 талаптары ескерілуі тиіс.

5.2.7 Ғимараттар мен құрылыстарды сейсмикалық қауіпті аудандарда жобалау кезінде барлық қолданылатын құрылыс материалдары, конструкциялар мен конструктивтік сызбалар сейсмикалық жүктемелердің ең аз мәнін қамтамасыз етуі тиіс сейсмикалық құрылыстың жалпы болжамдық принциптерін сақтауды талап етеді.

5.2.8 Белгіленген есептік қалыңдықта қабырғалардың көтергіш қасиеті көбіне бетон класымен және қабырғаның қажетті қалыңдығымен қамтамасыз етілуі тиіс. Арматуралау есебінен қабырғалардың көтергіш қасиетін арттыру бетон класын арттыру мен қабырға қалыңдығын ұлғайтудың экономикалық қолайсыз жағдайда ғана жол беріледі.

5.2.9 Конструкциялар мен бөлшектер ықтимал ылғал, төмен температура, агрессивті орта, биологиялық және басқа да қолайсыз факторлар әсеріне беріктікке ие материалдардан орындалуы тиіс.

Қажет жағдайда ғимараттың көтергіш және қоршау конструкцияларының қалыңдығына жауын-шашынның, еріген судың, жер асты суларының өтіп кетуінен, сондай-ақ жабық кеңістіктің және ауа қабатының конструкциясын немесе желдету құрылғысын жеткілікті түрде герметизациялау жолымен сыртқы қоршау конструкцияларда конденсациялық ылғалдың жол берілмеген көлемінің пайда болуына тиісті шаралар қабылдануы тиіс.

5.2.10 Құрама элементтер түйісетін қосылыстар және қабатты конструкциялар температуралық-ылғалдылық деформациялау әсеріне және негіздің біркелкі емес шөгіндісі барысында және басқа пайдалану әсерлер барысында туындаған күштерге есептелуі тиіс. Түйіспелерде қолданылатын тығыздаушы және герметизациялаушы материалдар кері температура мен ылғал әсерінде серпімді және адгезиялық қасиеттерін сақтап, ультракүлгін сәулелерге тұрақты болуы тиіс. Герметизациялайтын материалдар олардың үйкелген жерлерінде конструкцияның қорғаныс және қорғаныс-декоративтік жабыны материалдармен үйлесімді болуы тиіс.

5.2.11 Құрама элементтерден салынған ғимараттарда тораптарды барынша күш түсетін аймақтардан тыс жерде орналастыру ұсынылады, оларды бекітілген құрама элементтерін қолдану есебінен конструкцияның біркелкілігі мен монолиттігін қамтамасыз ету керек.

5.2.12 Конструкцияларда және олардың қосылыстарында пластикалық деформациялаудың дамуын жеңілдететін, бұл жағдайда құрылыстың жалпы тұрақтылығын қамтамасыз ететін шарттарды қарастыру керек.

5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар

5.3.1 Аудандық сот ғимараттарын функционалдық өрт қауіпсіздігі бойынша «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес ғимаратты жіктеу бойынша Ф 4.3 класына жатқызу керек.

5.3.2 Сот ғимараттарының конструктивтік, көлемдік-жоспарлық және инженерлік-техникалық шешімдері өрт болған жағдайда төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- өрттің қауіпті факторлар әсерінің салдарынан адам өмірі мен денсаулығына зиян келтірмейтін қауіпсіз аймаққа адамдарды эвакуациялауды;
- адамдарды эвакуациялау шараларын жүргізу мүмкіндігін;
- өрт қорғаныс бөлімшесі жеке құрамының кіру және ғимарат пен құрылыстың кез келген үй-жайына өрт сөндіру құралдарын жеткізу мүмкіндігін;
- өрт ошағына отты сөндіретін заттарды беру мүмкіндігін;
- өрттің іргелес ғимарат пен құрылыстарға таралмауын.

5.3.3 Өрт автомашиналары кіретін жолдарды өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес өрт бөлімшелеріне арналған ғимараттан шыға берісте, лифтілерге апаратын кіреберісте қарастыру керек.

5.3.4 Сот ғимараттарында өрт жөнінде хабарлау жүйесі орталықтандырылған және «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес жобалануы тиіс.

5.3.5 Адамдар көп жиналатын орындарда қолданылатын барлық материалдар отқа төзімді немесе арнайы өңделген болуы тиіс. Материалдар өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

5.3.6 Ғимараттың отқа төзімділігі мен қабаттылығы дәрежесінің нәтижесінде өртке қарсы қабырғалармен шектелген өрт бөлігінің ауданын «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес анықтау керек.

5.3.7 Адамдарды эвакуациялаудың негізгі жолдары үшін күнделікті пайдаланатын өтпелерді, дәліздер мен вестибюльдерді қолдану керек. Эвакуациялаудың қосымша (арнайы) жолдарын негіздеме болған кезде қарастыруға жол беріледі.

5.3.8 Өткелдер, дәліздер және эвакуациялау жолындағы басқа да көлденең учаскелер ені ең жоғары өткізу қабілетін қамтамасыз ете отырып, оның ішінде эвакуацияланған халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының санына байланысты белгіленуі тиіс.

5.3.9 Баспалдақ торлары мен сыртқы шыға беріс есік арасында (дәретхана, жуынатын, душ қабылдайтын, темекі шегетін орындардан басқа) орналасқан ең алыс үй-жайдың есігінен баспалдақ торына немесе сыртқа шығатын ең жақын жолға дейінгі дәліз бойынша қашықтық өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.3.10 Дәліздер мен әртүрлі өткелдер эвакуациялау жолын тарылтпауы тиіс.

5.3.11 Төтенше жағдай кезінде ғимаратта болған адамдарды эвакуациялау үшін жұмыс орнынан шығатын бірнеше шығаберіс есіктер қолжетімді болуы тиіс. Эвакуациялық шығаберістер отқа немесе түтінге құрсауланып қалған жағдайда, қызметкерлер қосымша шығатын жердің көмегімен эвакуацияланатындай бір-бірінен қашықтықта орналасуы тиіс.

5.3.12 Барлық қосымша шыға беріс есіктерде, бағыттарда тиісті жасанды жарықтандырулар болуы тиіс.

5.3.13 Механикалық желдетудің кез келген жүйесі өрт кезінде қалған үй-жайларға құбыр жүйесі арқылы от пен түтіннің өтпеуіне кепілдік беретіндей жасалуы тиіс. Желдетудің бір жүйесі әрбір эвакуацияланатын баспалдақта болуы тиіс.

5.4 Ғимаратты және учаскені орналастыруға қойылатын талаптар

5.4.1 Сот ғимараттарын аудан (қала) аумағында орналастыруды ауданның (қаланың) бас жоспарына және бекітілген қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асыру керек.

5.4.2 Өндірістік аймақ аумағында, инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтарында, сондай-ақ арнайы мақсаттағы аймақтарға жалғасатын учаскелерде сот ғимаратының құрылысына жол берілмейді.

5.4.3 Аудандық (қалалық) сот үшін учаске аумағының көлемі аудан (қала) құрылысының ерекшелігі нәтижесінде анықталады, мұнда сот ғимараттарын орналастыру оның периметрі бойынша ғимаратқа техникалық қызмет көрсетуді және өрт машиналарының өтуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуді, учаскені аймақтарға бөлуді және әрбір аймақтың құрылысын ескере отырып болжанады.

5.4.4 Учаскенің бас жоспары негізгі аймақтан басқа тағы мынадай функционалдық аймақты қамтуы тиіс: қоғамдық (таратушы) және қызметтік (қызметтік алаң), шаруашылық.

5.4.5 Қоғамдық аймақ сот ғимараттарындағы басты кіретін жерге қосылуы тиіс. Оның жоспарында мыналар қарастырылуы тиіс: қала көшесіне (магистральға, өтетін жерге) жанасу, қоғамдық көлік тоқтайтын ыңғайлы байланыс, қызметкерлер мен келушілердің жеке автокөлігіне арналған тұрақ, кресло-арбамен жүретін мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін аумақ пен сот ғимараттарына кіруді қамтамасыз ететін ені мен еңісі бар жаяу жүру жолдары, келушілерге арналған демалыс орындары.

5.4.6 Қызметтік аймақта (қызметтік алаңда) қызметтік алаң аумағына бөтен тұлғалардың кіруін, сондай-ақ көше жақтан ауладағыны бақылауды болдырмайтын сотталушыларды жеткізетін арнайы көлік кіретін жер болуы тиіс.

5.4.7 Қызметтік аймақтың жүру бөлігінде сот ғимаратына кіреберіс алдында орналасқан арнайы автомобильдердің кіруі және бұрылуы үшін алаң болуы тиіс.

5.4.8 Сот аумағының қызметтік аймағына автомобильдердің кіруі күзет және бейнебақылау құралдарымен жабдықталатын металл кірме қақпа арқылы басқа автокөліктен бөлек қарастырылады.

5.4.9 Сот учаскелерінің шаруашылық аймағында жөндеу және пайдалану қызметтерін, қоймалық құрылыстарды, қоқыс жинағыштарды орналастыратын алаң орналастыру керек.

5.4.10 Шаруашылық аймақты қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының тиеу үй-жайы жағынан орналастыру және оған жеке кіретін жол қарастыру керек.

5.4.11 Шаруашылық аймақ аумағында сот қызметкерлерінің қызметтік автокөліктерін орналастыратын гараж орнатуға жол беріледі.

5.4.12 Қоқыс жинағыш қондырғыларға арналған алаңда жиекпен және периметр бойынша жасыл желектермен шектелген бетондық немесе асфальттік жабын болуы тиіс. Оған автокөлікке арналған ыңғайлы кірмежол қамтамасыз етілуі тиіс.

Алаң көлемі осы орынға арналған қоқыстарды жоюға байланысты қабылданатын қоқыс жинағыш санына байланысты орнатылады.

5.4.13 Қоқыс жинағыштарды орнатуға арналған алаң қолданыстағы санитарлық ережелер талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.5 Ғимаратты пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.5.1 Үй-жайлардың функционалдық топтары және олардың өзара байланысы

5.5.1.1 Сот ғимараттарын келесідей функционалдық топтарға бөлу керек:

- тиісті үй-жайлары бар сот мәжілістерінің залдары;
- судьялардың жұмыс үй-жайлары;
- соттың техникалық аппаратының жұмыс үй-жайлары;
- сотталушылар мен қарауыл жасақтарға арналған үй-жай;
- қосалқы және қызмет көрсету үй-жайы.

5.5.1.2 Сот мәжілістері залының санын сот санына қарай анықтау керек.

Мақсаты бойынша сот мәжілісінің залдары қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру залдары болып бөлінеді.

5.5.1.3 Ғимараттың көлемдік-жоспарлық құрылымындағы сот мәжілісінің залдарын орналастыру кезінде оларда халық мәжіліс залдарына кіретіндей судьяларға арналған үй-жай, сотталушыларға арналған үй-жай мен вестибюльдер бар ыңғайлы байланыс болуын ескеру керек.

5.5.1.4 Сот мәжілісі залдарының жоспарламасын екі негізгі аймаққа: процессуалдық және халыққа арналған аймаққа бөлу керек.

5.5.1.5 Қылмыстық істі тыңдайтын сот мәжілісі залдарының процессуалдық аймағы мыналардан тұрады:

- сот процестерінің - судья және сот заседательдері құрамынан тұратын соттың басты қатысушыларын орналастыратын ішкі аймақ;
- процестің қалған қатысушылары: прокурорға, қорғаушыға, оған жалғасатын куәгерлер кафедрасы бар сот мәжілісінің хатшысына арналған ішкі аймақ;
- сотталушылар мен қарауыл жасақтарға арналған ішкі аймақ.

ҚР ҚН 3.02-25-2014

Азаматтық істі тыңдайтын залдың процессуалдық аймағы соттың ішкі аймағынан және талапкер мен жауапкерге, қорғаушылар мен сот мәжілісінің хатшысына арналған ішкі аймақтан тұрады.

5.5.1.6 Сотталушыларға арналған ішкі аймақ бөгейтін тормен бөлініп, терезе ойығы бар қабырғаға жанаспауы тиіс.

5.5.1.7 Азаматтық істерді тыңдайтын сот отырысы залында кеңес және куәгер бөлмелеріне жеке кіреберіс жер мен халық кіретін жер болуы тиіс. Соттар мен заседательдерге қызметтік кіретін жер орналастырған жөн, алайда оны орналастыру мүмкіндігі болмағанда, соттың залға кеңес бөлмесінен кіруіне жол беріледі.

5.5.1.8 Әрбір сотта қылмыстық істерді тыңдайтын сот мәжілісінің ең сыйымдылық залын бейне конференцбайланыс құралдарымен (құрылғыларымен) және жасырын куәгерден жауап алатын үй-жаймен жабдықтау керек. Мұндай зал аппараттық айрықша жарықтандыруға ие.

5.5.1.9 Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шарттарда куәгерлерден жауап алатын үй-жай (жасырын куәгерлер үй-жайы) сот процесінің басқа қатысушыларының жеке куәгер жөнінде ақпарат алу мүмкіндігін шектейтін сот мәжілісі қызметтік аймағының жеке бөлігінде орналастырылуы тиіс.

5.5.1.10 Сот мәжілісі залының табиғи және жасанды жарықтандыру көздерінің орналасуы процестің барлық қатысушыларына жақсы көрінушілікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.1.11 Сот ғимараттарын жоспарлаудың айтулы ерекшеліктер жағдайында сот мәжілісінің залдарын (оның ішінде жабық сот мәжілістерін жүргізу үшін) табиғи жарықтандырусыз жобалауға жол беріледі. Жоғарғы қабатта орналасқан сот мәжілісі залдарын жарық шамдар арқылы жарықтандыруға жол беріледі.

5.5.1.12 Плеспе үй-жайларға төмендегілерді: кеңес бөлмесін, куәгер бөлмесін, процеске қатысушылар (қорғаушылар мен прокурорларға) бөлмесін, халыққа арналған холды (кулуар), аппараттық үй-жайды жатқызу керек.

5.5.1.13 Келушілер үшін күту үй-жайы қарастырылуы тиіс. Күту үй-жайы ретінде дәліздер және оларға жалғаспалы холдарды пайдалануға болады, бұл жағдайда олардың габариттерінде отыру орындарын орналастыру мүмкіндігін қарастыру керек.

5.5.1.14 Соттың қабылдау бөлімі мен бөлім құзыреттеріне жататын мәселелер бойынша келушілерді (азаматтарды және олардың өкілдерін) қабылдауды жүзеге асыратын бөлім үй-жайларында құжаттарды алу мен беруді, келіссөздер жүргізуді қамтамасыз ететін ойықтар бар әйнектелген қоршаумен бөлінген келушілермен жұмыс істеуге арналған жұмыс орны қарастырылуы тиіс. Келіссөздерді жүргізу сөйлесу құрылғысы арқылы да қамтамасыз етіледі. Мұндай жұмыс орындары аталған бөлім қызметкерлерінің негізгі жұмыс орындарына қосымша қарастырылады.

5.5.1.15 Кеңсе үй-жайларында келушілерді қабылдайтын орын қарастырылуы тиіс. Ол кедергімен бөлінеді.

5.5.1.16 Сот ғимараттарындағы мұрағаттарды Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заң талаптарына сәйкес жобалау керек.

5.5.1.17 Ағымдық және қаралған істерді сақтайтын мұрағаттарды бөлім үй-жайларына тікелей жақын орналастыру керек. Мұрағаттар үй-жайына кіретін жер қызметтік аймақ жағынан қарастырылуы тиіс.

5.5.1.18 Іс өндірісі аяқталған мұрағатты сот ғимараттарының қызметтік аймағында орналастыру керек.

5.5.1.19 Сот ғимаратын арнайы автомобильдердің кіруіне және сот ғимаратына жеткізілген қамаудағы адамдарды отырғызу-түсіруге арналған кіріктіріме (жалғаспа) бокстармен жабдықтау керек.

5.5.1.20 Сотталушылар мен қарауыл жасақтар үй-жайының тобы: сотталушылар камерасынан, қарауыл жасақ үй-жайы мен санитарлық тораптан тұруы тиіс.

Осы үй-жай тобын ғимараттағы қызметтік кіретін жермен тікелей байланысатындай орналастыру, ал камерадан қылмыстық істі тындау бойынша сот мәжілісінің залына дейінгі жол оқшауланған болуы керек, ол жеке баспалдақтармен және дәліздермен өтуі тиіс.

5.5.1.21 Сотталушыларға арналған үй-жай тобын ғимараттың үй асты қабатында орналастыруға жол беріледі.

5.5.1.22 Қамаудағы адамдар камераларын қамаудағы әртүрлі санаттағы тұлғаларды (ер, әйел, кәмелетке толмағандар, сырқат адамдар және т. б.) бөлек орналастыруды ескере отырып қарастыру керек.

5.5.1.23 Қамаудағы адамдар камераларын сот ғимараттарының үй асты қабатында орналастырмаған жағдайда, сыртқы жағынан камералардың барлық терезе ойықтарына табиғи жарықтандыру түсетіндей металл торлар орнату керек.

5.5.1.24 Әрбір камерада ауаның келу-сору желдеткіш жүйесін орнатуға жол беріледі, бұл жағдайда камераларда тік немесе көлденең желдету шахталарын жобалауға жол берілмейді.

5.5.1.25 Қауіпсіздік мақсатында ғимараттың жертөле және техникалық қабатына алып жүру үшін баспалдақ жақтан шығуға жол берілмейді.

5.5.1.26 Кезекші алып жүру нарядының бөлмесін камералы блоктан ең жақын жерде орналастыру керек.

5.5.1.27 Барлық сот ғимараттарында психологиялық жеңілдену бөлмесін қарастыру керек.

5.5.1.28 Соттар санына байланысты сот ғимараттарында ҚР ҚН 3.02-21 талаптарына сәйкес буфет немесе тағам қабылдау үшін бөлме қарастыру қажет.

5.5.1.29 Сот пен сот аппаратының қызметкерлеріне (ерлер мен әйелдерге) арналған сантораптарды сот ғимаратының әрбір қабатында қызметтік аймақта қарастыру керек.

5.5.1.30 Келушілерге арналған сантораптар сот ғимаратының әрбір қабатындағы қоғамдық аймақтарда ерлер мен әйелдер үшін қарастырылады.

5.5.1.31 Қамаудағы адамдарға арналған сантораптар ерлер мен әйелдер үшін қарастырылады. Сантораптар қабырғаға қатты бекітілген жуынатын (ыстық және суық су келетін) металды бақалшықпен, санитарлық жабдықтармен, сыртқа ашылатын ішкі ілмектерсіз (құлпы жоқ тұтқалар сыртқы жағынан орналастырылады), соққыға берік әйнектен жасалған қарайтын терезесі бар ағаш есіктермен, жарықтандырумен және өз еркімен ауа келетін-соратын желдеткішпен (камераларға ұқсас) жабдыкталады. Санитарлық тораптарда табиғи жарықтандыруға жол берілмейді.

Қабырға мен едендерді ашық түсті қыштақтамен қаптау керек.

5.5.2 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.5.2.1 Сот ғимараттарын жобалау және салу кезінде жұмыс; демалу (күту залында); тағам қабылдау (түскі ас ішетін залдарда немесе залдар жанындағы қулуарларда) және т. б. оңтайлы жағдайды қамтамасыз ете отырып, ҚР ҚН 3.06-01 талаптарына сәйкес мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер мен келушілерге олардың қолжетімділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

5.5.2.2 Ғимаратты жобалау кезінде үй-жайға ыңғайлы кіруге, мүмкіндігі шектеулі топтардың еркін жүруіне арнайы құрылғылар мен шараларды қарастыру керек. Мүмкіндігі шектеулі топтар жүретін үй-жай жолдарында деңгей айырмаларын болдырмау қажет.

5.5.2.3 Жаяу жүретін өткелдердегі көшенің жиек пандустары жаяу жүретін жүргіншілерге арналған аймақ аясында толық орналасуы тиіс, ол жүретін жолдан аспауы тиіс.

5.5.2.4 Аумақта жүру үшін кресло-арбаны пайдаланатын мүмкіндігі шектеулі топтардың жаяу жүргіншілер жолдарында, көру қызметінің бұзушылығы бар адамдардың автомобиль ағындарымен қиылысуға жол берілмейді.

5.5.2.5 Ғимараттарға кіргенде баспалдақтармен қоса мүмкіндігі шектеулі топтарға арналған пандустарды, арнайы есіктерді, тамбурлар мен басқа да керек-жарақтарды жобалау қажет.

5.5.2.6 Оған тірек-қимыл аппараты функциясының және жүрек-қан тамыры жүйесінің бұзушылығы бар адамдардың келуіне арналған бірінші қабаттан жоғары орналасқан ғимараттарда, үй-жайда ғимарат қабаттылығына қарамастан, жолаушылар лифтілерін қарастырған дұрыс.

5.5.2.7 Мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде кресло-арбада жүретін азаматтарға арналған орынды эвакуациялық шығатын жерлерге жақын орналастыру керек. Ілесіп жүретін адамдарға арналған орын мүмкіндігі шектеулі адамдар орындарына тікелей жақын орналастырылуы (кезектесіп немесе артынан орналасуы) тиіс.

5.5.2.8 Сот ғимараттарының зал үй-жайларындағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған орынды көрсету, ақпараттық материалдарды толыққанды қабылдауды қамтамасыз ететін зал аймағында олар үшін қолжетімді жерде орналастыру керек.

5.5.2.9 Халық үшін орын саны барынша көп болжанатын қабаттағы сот мәжілісі залдары сантораптарының бірінен кресло-арба пайдаланатын мүмкіндігі шектеулілер үшін кабина қарастырылуы тиіс.

5.5.2.10 Бірінші қабатта физикалық мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін санторап қарастырылуы тиіс.

5.5.3 Пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.5.3.1 Сот ғимараттарының көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдері «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының

қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.3.2 Ғимараттарға және ғимарат аумағына келетін келушілер мен онда жұмыс істейтін қызметкерлердің кешенді қауіпсіздігі мен лаңкестікке қарсы қорғану үшін оларда бейнебақылау жүйесін, өрт және күзет сигнализациясын және ішкі істер органдарына (ведомстводан тыс күзет) дабыл хабарламасын беру арналарын орната отырып, күзет үй-жайын қарастыру керек.

5.5.3.3 Сот кабинеттері, тұрақты заседательдерге арналған кеңес бөлмесі қабырғалары мен есіктерін, сондай-ақ куәгерлерге арналған бөлме қабырғаларын дыбыс оқшаулаудан қамтамасыз ету мақсатында олар дыбыс оқшаулау материалдарымен қапталуы тиіс.

5.5.3.4 Сот ғимаратына кіреберісте металл анықтағышты орнату үшін орын қарастыру керек.

5.5.3.5 Сот мәжілісі залдарының, кеңес бөлмесінің, қарауыл жасақ үй-жайының, сотталушы камераларының, сотталушылар жүретін жолдардағы дәліз бен басқыш алаңдарының терезе ойықтары, сондай-ақ камера есіктеріндегі қарау терезелері металл тормен қоршалуы тиіс.

5.5.3.6 Мұрағаттар және қару сақтайтын қоймалар үй-жайы сейфтік түрдегі есіктермен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.5.3.7 Сотталушы камераларында қарау кішкентай терезелері бар арнайы камералық есіктерді қарастыру керек.

5.5.3.8 Сот ғимараттарында негізді жағдайда өңірдегі криминогендік ахуал ерешелігіне байланысты соттағы жағдай күрделенген жағдайда, азаматтар мен судьяларды оқшаулауға арналған қосымша үй-жайлар, сондай-ақ қызметтік иттер мен кинологтарға арналған үй-жайлар қарастырылуы мүмкін.

5.6 Инженерлік қамтамасыз ету

5.6.1 Сот ғимараттарының су құбыры, канализациясы, ыстық сумен қамтамасыз ету ҚР ҚН 4.01-01 талаптарына және сумен қамтамасыз ету бойынша басқа қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес орындау керек.

5.6.2 Тұрмыстық қызмет көрсетудің сумен қамтамасыз ету үй-жайы (қажет болғанда) суық және ыстық судың шаруашылық-ауыз су құбырының жүйесінен және өртке қарсы су құбырынан тұрады.

5.6.3 Су құбырының жүйесін шаруашылық-ауыз су-өртке қарсы біріктірілген түрде қарастырған жөн.

5.6.4 Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болмағанда, сот ғимараттарында электр жылытқыштарды орнатуға жол беріледі.

5.6.5 Ғимарат пен үй-жайдың жылыту және желдету жүйелерін жобалау кезінде ҚР ҚН 4.02-01 талаптарын сақтау керек.

5.6.6 Қамаудағы адамдар болатын үй-жайларда арнайы автомобильдердің пайдаланылған газдарын шығару үшін ауаны тұрақты беретін өз еркімен ауа жіберу-сору желдеткішінің дербес жүйесін орнату шартын қамтамасыз ету қажет.

ҚР ҚН 3.02-25-2014

5.6.7 Ауа жіберетін желдетудің бірыңғай жүйесіне сот мәжілісінің залдарын, конференц-залдарды қоспағанда, әрбіреуіне ауа келетін желдету жүйесінің өздігінен жұмыс істейтін жүйелерін қарастыру қажет болатын барлық үй-жайларда қамтамасыз етуге жол беріледі.

5.6.8 Сондай-ақ сору желдеткішінің өздігінен жұмыс істейтін жүйесін төмендегілер үшін қарастыру керек:

- сантораптар мен темекі шегетін жерлер;
- жұмыс үй-жайлары, кабинеттер және т. б.;
- қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үй-жайлары;
- қоймалық мақсаттағы үй-жайларға және мұрағаттарға.

5.6.9 Камералардағы жылыту жүйесінің элементтері және электрмен қамтамасыз ету кіріктіріме болуы тиіс.

5.6.10 Сот ғимаратының үй-жайларын табиғи және жасанды жарықтандыру ҚР ҚН 2.04-01 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.6.11 Сот ғимараттары электрлендірілуі, телефондандырылуы, радиоландырылуы және электр сағаттандырылуы тиіс. Жергілікті радио тарату құрылғысының қажеттілігі әрбір нақты жағдайда орнатылады.

5.6.12 Сот ғимараттарының электр техникалық құрылғылары Электр қондырғыларды орнату ережесінің және басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

5.6.13 Электр сағаттарды сот кабинеттерінде және сот аппараты қызметкерлерінің үй-жайларында, сот мәжілісі залдарына, холдарда және вестибюльде орнату керек. Оларды орналастыру халыққа да, сот қызметкерлеріне де сағаттың көрнекі қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.6.14 Қамаудағы адамдарға арналған үй-жайларда шамдар төбеде шағылмайтындай орнатылады. Электр жарықтандыру ажыратқыштары қарауылшы жасақтың жеке құрамының үй-жайында орнатылады.

5.6.15 Сөйлесу құрылғыларын сот төрағасы кабинетінде, сот бөлмелерінде, қарауыл жасақ үй-жайларында және кеңселерде орнату керек.

Сөйлесу құрылғылары сондай-ақ, сот отырысы залында оның куәгерлер бөлмесімен және қарауыл жасақ үй-жайымен байланысатындай орнатылуы тиіс.

5.6.16 Ғимаратты күзететін үй-жайда жақын милиция бөлімшесімен тікелей телефон байланысы болуы тиіс.

5.7 Қоршаған ортаны қорғау

5.7.1 Сот ғимараттарын және құрылыстарын жобалау, салу, реконструкциялау кезінде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ортаны қалпына келтіру мен жаңғырту және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қарастырылуы тиіс. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында сот ғимараттарын жобалау кезінде Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарын ескеру керек.

5.7.2 Сот ғимараттарының учаскесі мен аумағын жобалаған кезде қоршаған ортаға, микроклиматқа кез келген кері әсерді мейлінше азайту, ландшафты дұрыс пайдалануды

және энергия мен ресурстарды тиімді пайдалану арқылы биологиялық әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет.

5.7.3 Құрылыс жанындағы атмосфералық ауадағы зиянды заттар құрамы санитарлық нормалармен және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарымен белгіленген шекті жол берілген шоғырланымға сәйкес келуі тиіс.

5.7.4 Механикаланған құрылыс-монтаж жұмыстары барысында туындаған шу деңгейін ең төменгі деңгейге дейін түсіру қажет.

5.7.5 Техникалық кезеңді жүргізген кезде құнарлылықты қалпына келтіру құрылымын жасау және жақсарту бойынша жұмыстарды орындау керек.

5.7.6 Қажет жағдайда ғимарат аумағын топырақтың ықтимал құнарлы түрінің біркелкі қабатымен жабу керек.

5.7.7 Қоршаған ортаға зиян келтірмей кәдеге жарату мен қалдықтарды шығарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру керек.

5.7.8 Ғимаратты жобалау мен салу кезінде құрылыстың радон қауіпті учаскелерінің деңгейін, техногендік радиоактивті ластанудың бар-жоқтығын және құрылыс конструкцияларының радиоактивтілігін ескеру керек. Бұл жағдайда қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес радиациялық қауіпсіздік талаптарын орындау қажет.

6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

6.1 Энергия тұтынуды азайту бойынша талаптар

6.1.1 Ғимарат үй-жай микроклиматына белгіленген талаптарды және басқа да шарттарды орындаған кезде оны пайдаланғанда жаңғыртылмайтын энергетикалық ресурстардың тиімді жұмсалуды қамтамасыз ететіндей жобалануы және салынуы тиіс.

6.1.2 Ғимараттың инженерлік жүйелерінде ауа температурасын автоматты немесе қолмен реттегіш болуы тиіс. Ғимаратты жылыту жүйелері жұмыстан тыс уақытта талап етілетін жылу ағынын азайтатын аспаптармен жабдықталуы тиіс.

6.1.3 Жобалау ғимараттың энергетикалық шығыны оны пайдаланудың барлық мерзімінің бойында оның тиімді жұмыс істеу кезінде ең төменгі деңгейде болатындай ұйымдастырылуы тиіс.

6.1.4 Энергия шығынын азайту үшін жарықтандыру қондырғысының жарық сапасының талабын төмендетпеу және ымыраға келу қажет.

6.1.5 Жарықтандыру жүйесін тиімді пайдалануды төбе биіктігі, терезе, түс және үй-жай бетінің шағылысатын қабілеті сияқты тиісті параметрлерді жасау арқылы орындау керек.

6.1.6 Үй-жайды жарықтандыруға арналған, алайда нормаланатын мән шегінде болатын энергия үнемдейтін шамдарды қолдану керек.

6.1.7 Электр энергия шығынын азайту үшін энергия тиімділігінің жоғары класты жабдығын қолдану қажет.

6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

6.2.1 Ғимарат пен құрылыс оларды пайдаланғанда табиғи ресурстардың тиімсіз шығындарын болдырмайтындай жобалануы және салынуы тиіс.

6.2.2 Аумақты жобалаған кезде ағаштарды кесу аймақтарын төмендету керек.

6.2.3 Ғимарат терезелерін, қасбеттерді жуу үшін қайталама, тазартылған суды қолдану керек.

6.2.4 Өсімдіктерді суарғанда резервуар қарастырылуы тиіс жаңбыр суын пайдалануы тиіс.

6.2.5 Суды тиімсіз пайдалануды болдырмау мақсатында судың ағуының алдын алатын және пайдалану барысында су шығынын азайтатын заманауи су бөлгіш және толтырғыш арматураны қолданған дұрыс.

6.2.6 Су есептегіштерді әрбір ғимарат пен құрылыстағы суық және ыстық сумен қамтамасыз ету құбырларының сырттан кіретін жеріне, қоғамдық мақсаттағы кіріктіріме немесе жапсарлас үй-жайлардағы құбырлар тармақтарына орнату керек.

ӘОЖ 725.13

МСЖ 91.040.99

Түйінді сөздер: әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар, ендіріме, кірістіріме, қоршау конструкциялары, отқа төзімділік деңгейі.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ	III
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ЦЕЛЬ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ.....	3
4.1 Цель нормативных требований.....	3
4.2 Функциональные требования.....	3
5 ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ	4
5.1 Основные положения	4
5.2 Требования по обеспечению надежности и устойчивости зданий	5
5.3 Требования по пожарной безопасности	7
5.4 Требования к размещению здания и участку	8
5.5 Требования по обеспечению охраны здоровья людей в процессе эксплуатации зданий	9
5.5.1 Функциональные группы помещений и их взаимосвязь	9
5.5.2 Требования по обеспечению доступности для маломобильных групп населения.....	12
5.5.3 Требования по обеспечению безопасности при эксплуатации	13
5.6 Инженерное обеспечение	14
5.7 Охрана окружающей среды.....	15
6 ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ.....	16
6.1 Требования к сокращению энергопотребления.....	16
6.2 Рациональное использование природных ресурсов.....	16

ВВЕДЕНИЕ

Настоящий документ разработан в рамках реформирования нормативной базы строительной сферы Республики Казахстан, в соответствии с Законом «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан», нормативными правовыми и техническими актами, регламентирующими требования к проектированию зданий районных (городских) судов.

Настоящие строительные нормы содержат:

- цели нормативных требований;
- функциональные требования;
- требования к рабочим характеристикам.

